


3

Сөнбес сана сәулесі



4

Ән – адам жүрегіндегі ақ құс



8 қазан, сейсенбі 2024 жыл

Сыр бойы

№155 (20829)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// РЕФЕРЕНДУМ

ДЕМОКРАТИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ КҮН

облыс тұрғындары белсенділік көрсетті

6 қазан ел өміріндегі елеулі күн болды. Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша жалпыхалықтық референдум өтіп, отандастарымыз оған келісетін-келіспейтінін білдіріп, таңдау жасады. Белгілі болғандай, бұл – егемендік алғалы бергі төртінші референдум.



Бүкілхалықтық саяси науқанның маңызы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз» деп, Үкіметтің ұсынысын қолдайтынын жеткізген болатын.

Жаңа қоғам құруға бағытталған қадамның жарқын көрінісіндей шара танмен таласа басталды. Қалың көпшілік сағат 7.00-ден бастап 20.00-

ге дейін өз аумағындағы белгіленген орынға барып, таңдау жасады. Бұл күні жалпы республика көлемінде 10 323 учаске жұмыс істеді. Ал Қазақстан аумағынан тыс құрылған 74 референдум учаскесінде отандастарымыз әлемнің 59 елінде дауыс беру мүмкіндігіне ие болды.

Мемлекет болашағы үшін таңдау жасағандар қатарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та бар. Мемлекет басшысы елордадағы №211 референдум учаскесіне барып дауыс бергеннен кейін отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне брифинг берді.

2-бет

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚАДІРЛІ ҚЫЗМЕТКЕ ЗОР ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Ұстазым – ұлағатым!» атты Мұғалім күніне арналған салтанатты шара өтті. Жиынға сала басшылары, облыс педагогтері, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер қатысты. Аймақ басшысы ұстаздарды мерекемен құттықтап, білім саласындағы жетістіктерге тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында: «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады» деп атап өтті.

Шәкірттеріне заманауи білім мен өнегелі тәрбие беріп, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік ізгі қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші.

Биыл білім саласының жалпы бюджеті 262,1 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 8,8% артты.

Жыл басынан бері 10 білім беру нысаны пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аймағымызда 12 300 орынға арналған 21 мектеп құрылысы



жоспарланып, биыл 10-ы салында. Ұстаздар мерекесі қарсаңында республикамыздағы алғашқы 900 орындық жайлы мектеп Қызылорда қаласының сол жағалауынан пай-

далануға берілгеніне өздеріңіз куә болдыңыздар.

Әділетті, жаңа, жасампаз Қазақстанның болашағы сіздердің қолдарыңызда, қадірлі ұстаздар!

Шәкірттеріңізбен бірге шығармашылық жетістіктерге жете беріңіздер! – деді облыс әкімі.

2-бет

КОРЕЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫЗЫЛОРДАДА

Өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Корея Республикасы Тэджон қаласының мэрі Ли Чан Ву өңірлер арасындағы байланысты дамыту және бауырластық қатынастар орнату туралы меморандумға қол қойған болатын.



Биыл меморандум аясында корейлік делегация Қызылордаға келді. Осы ретте қала әкімі Нұржан Ахатов Тэджон қаласы Юсонгу ауданы әкімі Чон Ен Рэ мырзамен кездесті. Кездесуде Корея Республикасы мен Қызылорда облысы арасындағы жан-жақты байланыс, инвестициялық, туризм, ауыл шаруашылығы және көгалдандыру бағытындағы даму көрсеткіштері мен атқарылып жатқан жұмыстар сөз болды.

Өз кезегінде қала әкімі Нұржан Сәбитұлы меморандумда көзделген бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізуге дайын екендігін жеткізді.

Айта кету керек, Қызылорда облысы мен Кореяның ең ірі қалаларының бірі және ғылыми-технологиялық астанасы – Тэджон қаласын тарихи байланыстар біріктіреді. 2021 жылдың тамыз айында Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Донның сүйегі Қызылордалан осы Тэджон қаласының Ұлттық зиратына қайта жерленген болатын.

Сондай-ақ меморандумда сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық, туризм, білім және ғылым салаларында өзара ынтымақтастықты дамыту көзделген.

Жиын соңында қала әкімі делегация өкілдеріне сыйқұрмет көрсетті. Юсонгу ауданы әкімі Чон Ен Рэ де ыстық ықыласын білдіріп, алғысын айтты.

Бұған дейін делегация Корея елінің халық қаһарманы Хон Бом Донның мемориалдық кешенінде болып, Корея елі батырларының құрметіне гүл шоқтарын қойған болатын.

«СБ» ақпарат

/// ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

ҮЙ КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ ЖЫЛЖИДЫ?

Өңірде жыл өткен сайын зәулім ғимараттар мен жаңа үйлер бой көтеріп, қоныс тойын тойлаушылардың қатары көбейіп келеді. Оның қатарын жуырда ғана Сырдарияның сол жағалауында салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үй толықтырып, той тойға ұласқаны белгілі. Салтанатты ашылу рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында аймақта соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілгенін тілге тиек етті.

– Өңірде жыл басынан бері 900-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Биыл мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Осылайша тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ былтырдан бері шырайлы шаһарда 7, 9, 12 қабатты баспаналар сап түзей бастағанын жеткізді. Қала аумағының кеңейіп, осында қоныс аударып, тұрақтап қалғандардың көбеюіне байланысты үй кезегін күткендер де жетерлік. Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясының мәліметіне сүйенсек, бүгінде облыс орталығында баспана кезегін күткен 25 мыңнан астам адам бар.

2-бет



Фото: Айнаш Әбіраманова

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ЕКІНШІ КЕЗЕҢДЕ 140 ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

«Ауыл аманаты» жобасы – «Қазақстан Республикасының ауылды дамыту жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында іске қосылды. Тиісті бұйрыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 26 қарашада қол қойды.

Бағдарлама бойынша 2029 жылға дейін ауылдарда 350 мың жаңа жұмыс орнын ашып, 1 миллион ауыл тұрғынын жұмыспен қамту жоспарланған. Сол мақсатта мемлекеттік бюджеттен бір триллион теңге көлемінде қаражат бөлінді. Бүгінде бұл бағдарлама көптеген кәсіпкерге үлкен қолдау болып тұр.

2-бет



Фото: Айнаш Әбіраманова

Валюта бағамы \$ 481,84 kzt

€ 531,33 kzt

₺ 5,07 kzt

Ауа райы

+23° +25°

+24° +26°

ДЕМОКРАТИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ КҮН

ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫ БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТТИ



– Бүгін – тарихи күн. Халқымыз АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беріп жатыр. Референдум – тікелей демократияның өте тиімді тетігі. Халқымыз қандай шешім қабылдаса, мемлекетіміздің түпкі байламы да солай болады. Нәтиже оң болады деп ойлаймын. Шын мәнінде, бұл – тағдыршешті оқиға. Сондықтан мен референдумды қолдаймын, – деді Президент.

Бүкілхалықтық референдумда қызылордалықтар да белсенділік танытты. Облыстық аумақтық референдум комиссиясының мәліметінше, осы күні өңірде 380 референдум учаскесі жұмыс істеді. Оның

1-бет

126-сы Қызылорда қаласында, ал 254-і аудандарда орналасқан. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы Ө.Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейдегі №263 учаскеге барып, таңдауын жасады.

Әскери бөлімдер, емдеу-профилактикалық мекемелері, тергеу изоляторлары сияқты 6 учаске жұмысын таңғы сағат 6-да бастады. Учаскелердің барлығы талапқа сай жабдықталды. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы құрылғылар орнатылып, оларға 45 инватакси қызмет көрсетті. Қажеттілікке қарай учаскелерде 48 ымдау тілінің маманы қызмет атқарды. Сондай-ақ 72 учаскеде көз мүгедектеріне арнап Брайль қарпімен жазылған трафе-

реттер қойылды. Тұрғындарға референдум күні мен орны көрсетілген шақыру қағаздары, sms хабарламалар таратылды. Сайлаушылардың өз учаскесін анықтауына мүмкіндік беретін 179 онлайн-сервис жұмыс істеді, онда eGov арнайы сервистері қамтылды. Дауыс беруге қолайлы жағдай жасау мақсатында облыс әкімдігі арнайы 4 сервисті іске қосты. Референдум кезінде жедел әрекет ету орталығының 109 нөмірлі бірінғай байланыс қызметі тәулік бойы желіде болды.

Облыстық аумақтық референдум комиссиясы дауыс беру учаскелеріне балаларымен бірге келген отбасылардың қатары көп болғанын атап өтті. Азаматтардың белсенділігін арттыру үшін ең жас, ең алғаш болып

деректері тіркелген жоқ, – дейді «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» РҚБ облыстық филиалының жетекшісі Жандос Тұсмағамбетов.

Сонымен жексенбіде АЭС салу мәселесіне нүкте қоятын республикалық референдум сағат 20.00-ге дейін жалғасты. Бүкіл учаскелер жабылған соң Орталық референдум комиссиясы (ОРК) референдумға қатысу белсенділігі алдын ала дерек бойынша 63,87% болғанын мәлімдеді. Бұл – 7820918 адам. Референдумға қатысу көрсеткіші жөнінен Қызылорда облысы алда тұр – 82,48%. Ең төмен көрсеткіш Алматыда (25,39%) тіркелген. Астанада бұл көрсеткіш (50,81%) екі еседен көп.

Ал кеше комиссия төрағасы



келген дауыс берушілерге арнайы сыйлықтар табыс етілсе, бірқатар учаскеде ұйымдастырушылар ұлттық ойындар ойнатып, келушілерлі мерекелік көңіл-күйге бөледі. Одан бөлек, әкелер және әжелер ансамблі, полицейлер мен ұстаздар династиясының өкілдері, көкпаршылар, мұнайшылар мен сарбаздар бюллетеньге белгі қойды. Үйден дауыс беруге өтініш қалдырған 4251 адамның да тілегі қанағаттандырылды.

Тіркеуден өткен байқаушылар референдумның өту барысын бақылап, учаскелерде заңбұзушылықтар тіркелмегенін мәлімдеді. Белгілі болғандай, аймақта 25 қоғамдық ұйым аккредиттелген. Дауыс беру процесін саяси партиялар мен халықаралық байқаушылар да бақылады.

– Референдумның ашық әрі әділ өтуін азаматтық қоғам өкілдері мен «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясының 2 мыңнан астам байқаушылары назарда ұстады. Сайлау орындары таңғы сағат 6-да ашылып, сайлаушылар 7-ден бастап таңдау жасауға мүмкіндік алды. Референдум учаскелерінің ешқайсысында заң бұзу

Нұрлан Әбдіров 7 қазан күнгі таңғы сағат 8:00-дегі жағдай бойынша алдын ала қорытындыны жария етті. Референдумға қатысуға құқығы бар 12284487 адамның 7820204-і немесе 63,66%-ы таңдау құқығын пайдаланған.

– Еліміздің барлық өңірінде дауыс беруге қатысқандардың 71,12%-ы немесе 5561937 адам Қазақстанда АЭС салу туралы референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген. 2452271 адам қарсы дауыс берген. Жауаптардың екі нұсқасы да таңдалған, яғни жарамды деп танылған, бірақ дауыстарды санау кезінде есепке алынбайтын бюллетеньдер саны – 82 729. Жарамсыз деп танылған 130267 бюллетень анықталды, – деді ол.

ОРК-ның ақпаратына сәйкес заңға аймақтық референдум комиссиялары дауысты санағаннан кейін екі күн ішінде әр өңір бойынша хаттамалардың түпнұсқаларын тапсыруы тиіс.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



Суреттерді түсірген Б.Есжанов, Н.Нұрағали

ҚАДІРЛІ ҚЫЗМЕТКЕ ЗОР ҚҰРМЕТ

Салтанатты шарада білім саласында қажырлы еңбек етіп, жетістіктерге жеткен бірқатар ұстаздар Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілермен, Құрмет грамотасымен, министрліктің және облыс әкімінің «Алғысымен» марапатталды.

Сол жағалауда «Саутс-Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледж ғимаратының құрылысы қарқынды жүруде.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында биыл облыс орталығынан

нында 1 қосымша білім беру ұйымы пайдалануға берілмек.



Жақында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жан-жақты дамыту мақсатында «Қазір Мұнай» компаниясының демеушілігімен салынған 350 орындық заманауи «Оқушылар сарайы» ел игілігіне табысталды. Онда соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамең жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Спорт, қолөнер және қолданбалы өнер, музыка-хореография, техникалық-шығармашылық, әлеуметтік ғылымдар негізінде 50-ге жуық үйірме өз жұмысын бастады.

Өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына, бос уақытын тиімді өткізуіне арналған заманауи үлгідегі үстел теннисі орталығы қолданысқа берілді. Жаңа спорт кешенінде 16 үстел теннисі, 350 орындық көрермендер және жаттығу залы бар.

Жыл соңына дейін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 мектеп, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы физика-математика мектеп-интернаты, жеке инвесторлар есебінен Арал ауданы «Ақшатау» ауылында 60 орындық, Тоқабай ауылында 100 орындық мектептер, 2 мектеп жанынан

100 орындық мектептердің барлығы 100% бейнебақылау камерасымен қамтылған.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ЕКІНШІ КЕЗЕҢДЕ 140 ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Өңірімізде «Ауыл аманаты» жобасының екінші кезеңінде 934 млн теңгені құрайтын 140 жоба қолдау тапты. Осылайша бірінші траншпен бөлінген қаржы толығымен игерілді. Бұл туралы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басқарушы директоры Мадали Әлішерұлы мәлімдеді.

Қолдау тапқан жобалардың басым көпшілігі өңдеу саласы мен ауыл шаруашылығын дамыту және басқа да бағыттағы бизнес бастауды мақсат еткен жобалар. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысамын деген тұрғындардың 32 жобасына 279,5 млн теңге, егін шаруашылығына қолға алғандардың 7 жобасына 43,37 млн теңге, өңдеу саласымен айналысқысы келетіндердің 17 жобасына 104,02 млн теңге көлемінде несие берілді. Сонымен бірге басқа бағыттағы 84 жобаға 507,6 млн теңге несие бөлінді.

– Тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, табысын молайтуға

1-бет

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

ҮЙ КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ ЖЫЛЖИДЫ?

Өткен жылы кезек реттілігін түгендеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде 2681 адам кезектен шығарылған. Басым бөлігі басқа қалаға көшіп кеткен, енді бірінші меншігінде тұрғын үй болуы және азаматтың статусының жойылуы әсер еткен.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заң бойынша жергілікті атқарушы органдар коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж адамдар есебі 6 топ бойынша жүргізіледі.

Олар: 1) Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

3) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілері бар немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

4) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары (оның ішінде Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер, I, II топ мүгедектері, мүгедек бала тәрбиелеуші, толық емес отбасылар, оралмандар, зейнеткерлер, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті орындау, адам өмірін құтқару, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан

адамдардың отбасылары, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін аурулар тізімінде аталған кейбір социал-малы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын, экологиялық апаттардың, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан басынасынан айырылған адамдар, басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік іс-қимыл ардагерлері);

5) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратындар;

6) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық

жағдайда деп танылған азаматтар.

Осы санаттардың біріне сәйкес келген жағдайда кезекке тұру үшін міндетті түрде Қызылорда қаласында тұрғылықты тіркелген болуы, соңғы 5 жыл ішінде жеке меншігінде үй болмауы керек.

– Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы «Kеzekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Шапу-ға» ақпараттық қызметінде жүзеге

асырылып келеді. Кезекке қою қызметі қазіргі таңда толықтай автоматтандырылған және «Kеzekte.kz» сайтына орналастырылған. Ол жерден кез келген уақытта тұрғын үй алу кезегін, кезекте тұрған басқа азаматтардың тізімін көруге болады. Сонымен қатар отбасы құрамына және басқа да деректеріне өзгерістер енгізе алады, – дейді қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы Абзал Рысбек.

Егер кезекке тіркелген тұрғын басқа жаққа көшіп кеткен немесе өмірден өткен жағдайда «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 70-бабына сәйкес оның кезек реттілігі өзімен бірге тұрған отбасы

мүшелеріне ауыстырылады. Ал отбасы құрамына өзінен басқа ешкім тіркелмеген жағдайда кезектен шығарылады. Бірге тіркелген болса, кезек реттілігі өзімен бірге есепке тұрған азаматпен алмастырылады.

Тұрғын үй жалдау шартына сәйкес арендалық тұрғын үйлерді басқа азаматтарға жалға беруге болады. Ол үшін www.gosreestr.kz сайтына жалдау шарты, ай сайын арендалық төлемі тіркеліп отырады. Егер арендалық төлем ай сайын жүргізбесе, күніне 0,1 пайыз өсімізді есептеледі және ол өндіріледі.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

